

«Балдырған» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны.

Бекітемін:

Меңгеруші: Бисебаева А.Қ



Келісемін:

Әдіскер: Толыбаева.Ш.Р



«Еркетай» ортаңғы топ

«Ата- ана жұмыс жоспары!»

Тәрбиешілер: Қазбаева.Д.

Абдрахманова.Г.

2023-2024оқу жылы

«Еркетай» ортаңғы тобының ата-ана жұмыс жоспары.

Мақсаты: Балабақша мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып , отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру.

Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ереше екенін түсіндіру

Балабақша мен ата-аналардың тұрақты қарым-қатынасының тиімді модельдерін іздестіру .

Тақырыбы:	Жұмыс түрі , мазмұны.	Өтетін уақыты	Жауапты тәрбиешілер
«Балабақша мен отбасы бірлігі»	Ата-ана жиналысы: 1. Жаңа 2023-2024оқу жылы жүктемесімен таныстыру. 2. Ата-ана комитет мүшелерін сайлау. 3. «Балабақша мен отбасы бірлігі» баяндама 4. «Қызылша ауруының алдын алу»	Қыркүйек айы	Қазбаева.Д. Абдрахманова.Г Мейірбеке: Сағатова.Ж.С
«Ұстазым-ұлағатым»	Тобымыздың қарттарын және ұстаз ата –аналарын құттықтау. <i>Дөңгелек ұстол ұйыдастыру.</i>	Қазан айы	Қазбаева.Д. Абдрахманова.Г
«Күз кереметі!»	Ата –аналармен бірлесе күзгі өнімдерінен көрме дайындау.	Қараша айы	Қазбаева.Д. Абдрахманова.Г
«Қазіргі уақыттағы дәрумендердің пайдалы жақтары.»	Ата-аналар мейірбекемен бірігіп отырып,дәрумендер туралы кеңес беру.	Желтоқсан айы	Қазбаева.Д. Абдрахманова.Г
«Аққала бізде қонақта!»	Ата-аналармен, балалармен бірге бала бақша ауласын безендіру. <i>(ақ қарды түрлі –түсті бояулармен бояу,мүсін шығару.</i>	Қаңтар айы	Қазбаева.Д. Абдрахманова.Г
«Шынықсақ шымыр болармыз»	Ата-аналар арасында спорттық сайыс	Ақпан айы	Қазбаева.Д. Абдрахманова.Г
«Қош келдің,Әз - Наурыз»	Наурыз мерекесі күніне орай, ата -ана мен бала арасындағы , сыйластық орнату, құрметтеуге тәрбиелеу, алғыс айтқызу.	Наурыз айы	Қазбаева.Д. Абдрахманова.Г
«Әже отбасының берекесі»	Балаларды әжеге деген сүйіспеншілікке баулу. Әже еңбегін ардақтап, мейірімділікке сый - құрметке тәрбиелеу.	Сәуір айы	Қазбаева.Д Абдрахманова.Г
«Гүл жердің көркі,қыз елдің көркі!»	Ата-аналармен бірлесе отырып, балабақша ауласына гүл егу, безендіру.	Мамыр айы	Қазбаева.Д. Абдрахманова.Г

**«Балдырған» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны**



**«Еркетай» ортаңғы топ
«Балабақша мен отбасы бірлігі»**

Тәрбиешілер: Қазбаева.Д.

Абдрахманова.Г.

Тексерілді:
Жар

Тақырыбы: «Балабақша мен отбасы бірлігі»

Мақсаты: Ата – аналардың өзара қарым – қатынасын жақсарту. Кеңес пункті өмірімен таныстыру, тәрбиеші мен дұрыс қарым - қатынаста болу. Психологиялық кеңес, ағарту жұмыстарын жүргізу.

Шаттық шеңбері: Ата – аналарды қолымыздан ұстап, шаттық шеңберіне тұрғызу. Мен сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Қане, бәріміз бір – біріміздің қолымыздан ұстап шеңбер құрайық. Осы дөңгелек шеңберді неге шаттық, жылулық шеңбері деп атаймыз? Қалай ойлайсыздар. Шеңберге тұрудың үлкен бір қасиеті бар. Шеңберіміз көктегі жылу беретін күн сияқты дөңгелек. Шеңберге тұрып, бір – бірімізді жақсы көре аламыз, жақсылық пен жылулығымызды сыйлай білуге үйренеміз. Міне, сондықтан бұл шеңберді жылулық, шаттық шеңбері деп атаймыз. Енді бәріміз жақсылық тілеп, шаттана қуанып, күлкімізді сыйлайық.

Танысу: Әр ата – ана өзін таныстыру керек, өзінің атына екі - үш сын есімін қосып таныстыру. Мысалы: Айдай сұлу - Айсұлу.

Тренинг:

Енді ата - аналар, «Табиғатсыз адамдардың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» демекші адам табиғатпен тығыз байланысты табиғаттағы ең маңызды нәрсе ағаш, енді сол ағаштың несі болар едіңіз тамырыма, әлде діңіме, әлде жапырағыма? Әркім өз қалауы бойынша тамыр, жапырақ, діңі болып бөлінеді.

Ал енді ата – аналар тамырлар бір бөлек, жапырақтар бір бөлек, діндер бір бөлек отыруымыз керек. Сіздер не үшін тамыр тобын таңдадыңыздар, сіздер не үшін жапырақ таңдадыңыздар, сіздер не үшін діңін таңдадыңыздар сонны тобыңызбен келісе отырып бір келісімге келіп, топтан бір адамшығып қорғайсыздар. (әр топтың сөзі тыңдалып, қошеметпен шапалақ ұрылып отырады).

Сіздердің бұлтандауларыңыз кездей соқтық емес, психологиялық сәйкестік. Тамыр таңдағандар істің нәтижесіне мән беретін адамдар. Дінгекті таңдағандар берік, мықты біреуге тірек бола алатын адамдар. Жапырақ таңдағандар сұлулықты, әсемдікті, ұқыптылықты қалайтындар. Енді ата – аналар мына үлкен қағазға «тамыр тобы»- тамырды, «дінгек тобы»- дінгекті, «жапырақ тобы»- жапырақты саламыз.

Ойын: «Қай жұп күшті?»

Қазір әркім өзіне серік таңдайды, шарды алып, көңілді музыкаға билеп, шарды жарады. Шардың ішінен жақсы тілектер алып шығып, қалған ойыншыларға дауыстап оқып беру. Әр жұп кезектесіп белгіленген уақыттан белгіленген жерге дейін шарды бір – бірін құшақтап шарды жарады.

Ойын: «Кім екенін тап»

Әрбір адам өзінің аты – жөнін көрсетпей, өз – өзіне психологиялық мінездеме жазады. Өзінің ұнамсыз қасиеттерін жазуы керек. Бұл мінездеме жазылған беттерді жетекші жинап, араластырады да, арасынан біреуін алып, дауыстап оқиды. Топ мүшелері мінездеменің иесін табу керек.

«Тілек гүлі» (қорытындылау)

Мақсаты: тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.

«Міне, қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздер мен жанұядағы ата - ана мен балабақша арасындағы қарым – қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан – жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя - жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір – бірімізге тілек айта отырып жүргізейік.

Ата – аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахметімді айта отырып, отбасыларыңызға бақыт нұры шашыла берсін дегім келеді. Сау болыңыздар!.



**«Балдырған» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны**



«Еркетай» ортаңғы топ
«Ұстазым-ұлағатым»

Тәрбиешілер: Қазбаева.Д.

Абдрахманова.Г.

Тексерілді:
Жар

Тақырыбы: «Ұстазым-ұлағатым»

Мақсаты: Балаларға 1-қазан қарттар күні туралы түсінік бере отырып, қарттарға құрметпен қарауға, сыйлауға үйрету, ауызекі сөйлеу дағдысын жетілдіру. Үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға, халқымыздың ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрпымыздан нәр алуға, сақтай білуге тәрбиелеу. Балаларға ұлттық қадір-қасиеттер, имандылық, үлкенді қадірлеу, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету керектігін түсіндіру.

Тірбиеші: Ұстаздаркүні мерекесіне арналған "Ұстазым ұлағатым" атты мерекелік тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер! Құрметті ұстаздар, аяулы аналар мен балалар!

Ұстаздарға арналған сағатымызды бастай отырып, сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Еңбектеріңізге мол табыс, отбасыларыңызға бақыт тілейміз.

Мектептің тірегі, әрі жүрегі - ұстаз. "Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға", - деп Абай атамыз айтқандай "Ұстаз" сөзі ұлағатты есім, шәкірттерге білім беруде ұстаздардың еңбегі ұшан-теңіз. Алдымызда отырған балалардың бір-бір кірпіш болып

қалануы, осы ұстаздардың арқасы. Сондықтан да осы сағатымызды ұстаздарға арнаймыз. Сіздердің шәкірт тәрбиелеп, білім беру жолындағы еңбектеріңіз жана берсін!

Күндеріңіз толсын гүлге, желекке,

Отбасында болсын ырыс-береке.

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді,

Өмір - думан, бақ әкелсін мереке!

Олай болса мерекелік сағатымызды ашу құрметін балабақша меңгерушісі _____ береміз.

Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылып,

Одан басқа жүрген кім бар, жанды ұғып?!

Ұстаз деген ұлылардың ұлысы,

Қасиетіне бас иейік мәңгілік! - деп, келесі сөзді ата-ана _____ береміз.

Ұстаз деген жарық күні ғаламның,

Ұстаз деген анасы ол адамның.

Бүкіл адам мойындайды еңбегін,

Сен де одан адам болып жаралдың!

Ендігі кезекте "Еркетай" тобының билеп шығуымен,

"Ұстазым" әнін қабыл алыңыздар.

Бала тілі бал демекші, келесі балдай балаларымыздың ұстаз туралы тақпақтары мен нақыл сөздерін тарту етеміз.

Айым: Ақырын жүріп анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.

Ару: Ұстаз деген ұлағатты сөз.

Мирас: Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы.
"Ұстазым" әні орындалады.

Ұстаздар ұлттық тірегі,
Ұстаздар мектеп жүрегі.
Ұрпаққа жетер ұстазбен,
Халықтың ұлы тілегі.

Тәрбиеші:

Хан бол мейлі, қара бол,
Дарын бол мейлі, дара бол.
Өтетін бәрі алдынан,
Ұстаздар бейне сара жол.

Құрметті ұстаздар, балалар, ата-аналар! Ұстаздар күніне арналған "Ұстазым
ұлағатым" атты мерекелік жиынымызды аяқтаймыз.

Бүгінгі күн құшақтары гүлге толсын,
Дендеріңнің саулығы мықты болсын!
Білімімен суарған шәкірттерін
Төл мерекең ұстаздар, құтты болсын!
Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп-көп рахмет!



**«Балдырған» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны**



«Еркетай» ортаңғы топ

"Күз кереметі" ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫНЫҢ КӨРМЕСІ.

Тәрбиешілер: Қазбаева.Д.

Абдрахманова.Г.

*Тексерілді:
Аманжол*

"Күз кереметі" ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫНЫҢ КӨРМЕСІ.

Тақырыбы: "Күз кереметі"

Мақсаты: Балаларды, ата –аналармен бірлесе отырып, күзгі өнімдерінен көрме дайындау.

Қиял мен шығармышылққа кеңінен жол беретін, толып жатқан алуан түрлі сый-сыяпат пен көптеген материалдарға толы, жылдың ең керемет, ең жарқын, ең дархан да алуан түсті, көркем мерзімі - алтын күз келді. Көптеген заттардың түрін көкеністер мен жемістерден істеуге болады. 1-10 қараша аралығында біздің балабақшамыздың бүлдіршіндері арасында "Күз кереметі" атты балалардың қиялынан туындап, өз қолдарымен жасаған бұйымдардың шығармашылық көрмесі ұйымдастырылды. Бұл көрмеге балапандар мен ата-аналардың бірлесе жасаған композициялары мен әр түрлі сюжеттерге арналған бұйымдары ұсынылды.

Ата -аналарымызға рахмет!



**«Балдырған» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны**



«Еркетай» ортаңғы топ

«Қазіргі уақыттағы дәрумендердің пайдалы жақтары»

Тәрбиешілер: Қазбаева.Д.

Абдрахманова.Г.

Жас ертеңдегі!
Аманжол

Тақырыбы: «Қазіргі уақыттағы дәрумендердің пайдалы жақтары.»

Міндеті:

1. Балаларға дәрумендердің түрлері мен маңызын түсіндіру.
2. Әр дәруменнің (А, В, С, D, Е) бала денсаулығына әсерін анықтау.
3. Балалардың дұрыс тамақтануына ықпал ету.
4. Ата-аналар мен тәрбиешілерге пайдалы тағамдар арқылы дәрумендерді табиғи жолмен қабылдау жолдарын ұсыну.
5. Баланың иммунитетін нығайтудағы дәрумендердің рөлін көрсету.

Ата-аналар назарына!

Витаминдер дененің барлық өмірлік процестерінде үлкен рөл атқарады: олар метаболизмді реттейді, ферменттер мен гормондардың түзілуіне, тотығу реакцияларына қатысады, дененің әртүрлі ауруларға, токсиндердің әсеріне, төмен немесе жоғары температураға және басқа да зиянды факторларға төзімділігін арттырады.

Витаминдер ағзада іс жүзінде синтезделмейді, тек А және D дәрумендері бауырда аз мөлшерде жиналуы мүмкін.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде ағзаға дәрумендерді жеткілікті мөлшерде қабылдау өте маңызды. Ол әртүрлі органдар мен жүйелердің қарқынды дамуы мен қалыптасуын, метаболизм процестерінің қарқындылығын, орталық жүйке жүйесінің құрылымы мен функцияларын жетілдірумен сипатталады.

Әдетте балаларға А,В және С дәрумені мен бетакаротин жетіспейді. Осындай жағдайда балаларда: шаршау, летаргия, физикалық даму қарқынының баяулауы, иммунологиялық қорғаныстың әлсіреуі байқалады. Бұл аурудың өсуіне, патологиялық процестердің ұзаққа созылуына әкеліп соқтырады.

С дәруменінің негізгі көздері: түрлі көкөністер, жемістер, жидектер, шөптер және картоп.

В1 дәрумені (тиамин) энергия алмасу және жүйке жүйесін реттеу процестері үшін өте маңызды. Шаршау, бұлшықет әлсіздігі, тітіркену, тәбеттің төмендеуі сияқты аурулардың пайда болуы - В1 дәруменінің жетіспеушілігінен.

В2 дәрумені (рибофлавин) метаболизмді реттейді, иммунитеттің дамуына, көру қабілетіне, терінің, жүйке жүйесінің, шырышты қабаттардың күйіне, гемопоэзге оң әсер етеді. Дәрумен жетіспеген жағдайда дене салмағы төмендеп, әлсіздік, терінің құрғақ болуы, ауыздың бұрыштарында жарықтар мен қыртыстар ("қоңыздар"),

конъюнктивит, стоматит сияқты аурулар пайда болады. В2 витаминінің негізгі көздері: сүт өнімдері, ет, ет, жұмыртқа, сыра және наубайхана ашытқысы.

А дәрумені (ретинол) қалыпты көру қабілетін, өсу процестерін, терінің және шырышты қабаттардың жақсы күйін сақтау үшін қажет. Көздің торында арнайы фотосезімтал заттың пайда болуына тікелей қатысады. А дәрумені иммунитетті дамытуда маңызды рөл атқарады. А дәрумені көбіне: балық майы, май, ет, жұмыртқаның сарысы, ірімшік тағамдарында кездеседі.

Балаларыңыздың дені сау болсын!



**«Балдырған» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны**



**«Еркетай» ортаңғы топ
«Аққала бізде қонақта»**

Тәрбиешілер: Қазбаева.Д.

Абдрахманова.Г.

Тексерілді:
Жар.

Тақырыбы: «Аққала бізде қонақта»

Бөбекжай аясында педагогтар мен ата-аналар барлығы қыстың суығына қарамастан, бір кісідей атсалысты.

Ата-аналар өздерінің ойындағы қиялын шығармашылығымен ұштастырып, қардан әртүрлі мүсіндер жасады. Қардан жасалған түрлі бейнелер көздің жауын алады. Бейне бір ертегілер елінде жүргендей сезінесің. Өткен-кеткен жанның бәрі де қызықтап, суретке түсіп жатты. Балапандарымыз көріп мәз болды. Қардан жасалды демесеңіз әдемі мүсіндер бөбекжайымыздың алдының сәнін келтіріп-ақ тұр. Өттең, осынша еңбекпен жасалған дүниенің күн жылынса болғаны, еріп кететіні өкінішті. Қар қалашығы балалардың бойына шығармашылық ой өрісін, қиялын дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында салынды.

Жылдың барлық мезгілі балаларға қуаныш әкеледі. Оның ішінде қыс мезгілі өзінің ерекше қызықтарын сыйлайды. Қыстың қызығы сол - қар лақтырып ойнау, қардан аққала және басқа да қызықты түрлі мүсіндер жасау!

Біздің балабақшамызда жыл сайын қардан мүсіндер жасау конкурсы өтеді. Ауайының қолайсыздығы қарамастан біздің ата-аналарымыз бен педагогтеріміз осы конкурсқа қатысып, әр топ өз ойын алаңдарында «Аққала бізде қонақта» тақырыбы бойынша түрлі мүсіндер тұрғызды. Көз қуантатын мүсіндер балалардың қысқы серуендерін одан әрі қызықты етіп қуантып жатыр. Ата-аналар мен педагогтер және біздің кішкентай бүлдіршіндермен бірлесіп жасаған еңбектері жемісті болды!



**«Балдырған» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны**



**«Еркетай» ортаңғы топ
«Шынықсақ шымыр болармыз»**

Тәрбиешілер: Қазбаева.Д.

Абдрахманова.Г.

Тексерілді:
Жар.

Тақырыбы: «Шынықсақ шымыр болармыз»

(Отбасылық жарыс)

Мақсаты: Балалардың дене бітімі дұрыс жетілуі үшін және спорттық дене шынықтырудың маңызын түсіндіру, қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Қалыптастыру арқылы ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалар арасындағы ынтымақтастыққа өзара бірлесе қимыл жасауды дамыту. «Өмір негізі - денсаулық. Денсаулық негізі – спорт» деген сөздің мақсатын түсіндіре, отырып, топ аралық сайысты түсіндіру.

Жүру барысы:

- 1) ұйымдастыру
- 2) командамен таныстыру
- 3) сайыстың шарттары
- 4) әділ - қазылар алқасын тағайындау
- 5) сайысты қорытындылау

Құрметті қонақтар, балабақша ұжымы бүгінгі ұйымдастырып отырған «Толағай» атты командалық сайысымызға қош келдіңіздер!

Келіңдер, көріңдер

Тек ынта бөліңдер.

Мықты боп шынығып,

Шығам деп сеніңдер – дей отырып бүгінгі сайысымызға қатысатын топтарды ортаға шақырамыз.

Салауатты өмір салтын сақтайтын

Жаттығудан ешқашанда қашпайтын

Қыран тобы келді бүгін сайысқа

Өз топтарын жақтайтын- деп ортаға «Қыран» тобын шақырамыз.

Қыран тобы: Ұстанған салауатты өмір салтын

Жасқанып ешқашанда мойымайтын

Болашақ спортшылар келді ортаға

Қол соғып қарсы алайық «Тұлпар» тобын

Тұлпар тобы: **Әр таңды бақытпенен арттырамыз**

Өнерді ой көгінде бақылаңыз

Сайысқа қатысуға енді ортаға

«Барыс» тобын шақырамыз.

Барыс тобы: Әр таңды бақытпенен арттырамыз

Өнерді ой көгінде бақылаңыз

Сайысқа қатысуға енді ортаға

«Бірлік» тобын шақырамыз.

1.Ендеше «Таныстыру» кезеңімізді бастаймыз.

Ойын шарты: Әр топ өздерінің топтарын таныстырады.

«Қыран» тобының ұраны:

Қыран тобы алға, биіктерге самға

Толағайда топ жарып жеңістерді

Жалға, алға, алға, алға.

«Тұлпар» тобының ұраны:

Тұлпар болып самғаймыз,

Жарыстан еш қашпаймыз!

Барыс тобының ұраны: Жеңістерге бет алдық

Спортта сұлтан атандық

Жетсін деп топ мақсатқа

«Барыс» тобы деп атадық

«Бірлік» тобының ұраны:

Бәріміз біріміз үшін

Біріміз бәріміз үшін

Жүргізуші: Құрметті әділ қазылар І кезеңіміз бойынша бағаларыңызды беруіңізді сұраймыз.

2)«Шанғымен бір-бірін тасымалдау»

3) «Шана» сонымен қатар кедергілерді құлатпай мәреге тез жету.

4) «Кол курес»)

5) «Кім мерген» .

Жүргізуші: Спорт көркі өмірдің, спорт досың серігің- деп сайысымыздың

2бөліміне көшеміз. «Шанамен бір-бірін тасымалдау».

Шарты: әр топқа шана беріледі. осылай қайталанады. Ойын шарты түсінікті болса, ойынымызды бастаймыз.

Жүргізуші: Құрметті әділ қазылар 2 кезеңіміз бойынша бағаларыңызды беруіңізді сұраймыз.

Жүргізуші: Еш қысылып саспайық,
Қызықты ойын бастайық
Сайысқа келген баланың
Сергітіп бойын алайық.

3.«Шанғымен жарысу» ойынын бастаймыз.

(Әділқазылар алқасы 3 бөліміміздің бағаларын берейік.)

4 Кол курес

Жүргізуші: Құрметті әділ қазылар 6 кезеңіміз бойынша бағаларыңызды беруіңізді сұраймыз.

Қорытынды бөлім

Жарыс заңы ежелден-

Жеңімпазды анықтау

Жеңімпаз болу шарты сол-

Еңбектену, жалықпау

Біреу озса сайыста,

Біреу артта қалады.

Жеңілгендер ренжімей

Тараса бізге жарады,- демекші сайысымыздың шарттары бойынша қорытынды шығарып жеңімпаздарды анықтап, марапаттау сөз әділқазыларға беріледі.

Құрметті көрермендер «Шынықсаң шымыр боларсың» атты спорттық сайысымыз өз мәресіне жетті.

Қорытынды: Сөз кезегін әділ қазы алқасы Шара Рахымқызына береміз.

- Міне, бүгінгі денсаулық кепілі, спорттық сайысымызда өз мәресіне жетті. жеңісті күндерді жолыққанша,сау болыңыздар!



**«Балдырған» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны**



**«Еркетай» ортаңғы топ
«Қош келдің,Әз -Наурыз»**

Тәрбиешілер: Қазбаева.Д.

Абдрахманова.Г.

Тексерілді:
Жарн

Тақырыбы: «Қош келдің, Өз - Наурыз»

Мақсаты: Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесін тойлау. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып жайында қарапайым түсінік беру. Ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа мирас еткен асыл мұрасын қадірлеп, қастерлеуге, қасиетін түсінуге баулу. Ұлттық дәстүрдің ерекшеліктерімен таныстыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін балалардың бойына сіңіру. Балаларды ұлттық салт-дәстүрді, мұраларды танып-білуге, сыйлап, түсінуге үйрету. Балалардың ой-қиялының, шығармашылық белсенділігінің және бейнелі ойларының дамуына ықпал ету.

Тәрбиеші:

Наурыз айы жүректерге нұр сепкен,
Мандайымнан сүйіп жатыр нұр көктем
Жарығымен, шуағымен Күн — Ана
Алып келдің жер бетіне нұр көктем!
Осыншама жақсылық,
Алып келдің Наурызым!
Төрлет бізге нұр болып,
Шуақ шашып нұр жүзің!
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Тәрбиеші: Армысыздар, ата-аналар, қонақтар! Бәріміздің асыға күткен Наурыз тойымыз да келіп жетті. Тойларыңыз құтты болсын! Наурыз – «жаңа күн» деген сөз. Бұл күн – біздің ата-бабаларымыз, арғы тегіміз мыңдаған жылдардан бері тойлап келе жатқан жыл басы мерекесі. Наурыз тойымыз құтты болсын! Ұлыстың ұлы күні деп аталған Наурызда денсаулықтарыңыз мықты, тілектеріңіз қабыл болсын! Наурыз айы – Шығыс күн есебі бойынша жылдың алғашқы айы. Бұл айда жылдың алғашқы айы есебінде күн мен түн теңеледі, сол себептен Наурыз жыл басы болып саналады. Осы көктемнің мерекесіне арналған әнімізді шырқап берейік.

Ән «Нұрлы көктем»

Тәрбиеші: Балалар, Наурыз мерекесіне арналған тақпақтарымызды айтып берейік!

Тақпақтар: Нұрсезім, Айша, Айдын, Әміржан, Ұлмекен, Нұрхан, Кәусар

Тәрбиеші: Балалар біздер Ұлыстың Ұлы күні ақ бата алып, шашу шашатын кім екенін білесіңдер ме!

Балалар: Қыдыр Ата! Наурыз Әже!

Тәрбиеші: Ендеше ортаға ақ батасын беруге Қыдыр атамызды шашуын шашуға Наурыз әжемізді шақырайық!

ҚЫДЫР АТА: Сұрасаң бата берейін,

Үстем болсын мерейің

Ықыласпен қол жайсаң,

Ақ тілекті төгейін

Ұлыс оң болсын

Ақ мол болсын

Қайда барсаң жол болсын!

Ұлыс бақты болсын,

Төрт түлік ақты болсын!

Әумин!

Наурыз Әже:

«Наурыз келсе, құт келгені, халайық!»

Есік ашып, шашу шашып,

Ел боп қарсы алайық (отырған қонақтарға шашу шашу)

Тәрбиеші: Қыдыр ата! Наурыз Әже! Ортаға жайғасындар бүгін біздің

«Еркетай» ауылында үлкен той болғалы жатыр бізбен бірге тойлатыңыздар! **Қыдыр**

Ата: Жарайды құрметтеп бізді төрге шақырсандар ешқандай қарсылығымыз жоқ.

Би: «Батырлар»

Тәрбиеші: Наурыз мерекесі ұлттық мерекеміз болғандықтанда өз ұлтымыздың салт-дәстүрін айтпай кетпеске болмайды. Сіздерге «Тұсау кесу» рәсімін назарларыңызға

ұсынамыз. Тұсау кесу бала тәй- тәй басқанда жасалатын думанды дәстүр. «Тұсауы кесілмеген бала» көп сүрінеді дейді. Тұсау кесу рәсімі ұлға да, қыз балаға да жасалады. Тұсауды ала жіппен кеседі, ол біреудің «ала жібін аттамасын» деген ниет білдіреді. Жүйрік бол, шауып кет т.б. тілектерді айта отырып, баланың аяғына байланған тұсауын кесіп жібереді.

Тәрбиеші: Әжей, Сіз бізге көмектесесіз ба? Сіздің жолыңызды берсін!

«Тұсау кесер» рәсімі ұсынылады.



**«Балдырған» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны**



**«Еркетай» ортаңғы топ
«Әже отбасының берекесі»**

Тәрбиешілер: Қазбаева.Д.

Абдрахманова.Г.

Тексерілді:
Жар

Тақырыбы: «Әже отбасының берекесі»

Мақсаты: Балаларды әжеге деген сүйіспеншілікке баулу. Әже еңбегін ардақтап, мейірімділікке сый - құрметке тәрбиелеу, оқушылардың ой - өрісін тіл байлығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Оқушыларға ата - ана алдындағы парызы мен қарыздары туралы түсініктеме беру

Міндеті:

1. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі әжелердің жауапкершілігі.

Әжелердің өмірге деген көзқарасын өзгерту.

Әжелердің немерелеріне жауапкершілікпен қарауға шақыру.

2. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.

3. Алдағы уақытта балаларды тәрбиелеуде тәрбиеші мен ата - ананың бірігіп жұмыс жасауы.

Түрі: кездесу ток - шоу

Көрнекілігі: Слайд, бейнесюжет

Қазақ отбасында әже орны қадірлі әрі ерекше. Әже – отбасының ғана емес, әулеттің де ұйтқысы, кейінгі жастардың тәрбиешісі.

Жаңағы бейнесюжеттен көргеніміздей ертегі айтатын әжелеріміз қазіргі кезде тым азайып бара жатқандай ма?

Алайда айтуға бәрі оңай...

Біздің сыныбымыздың әжелері немерелеріне әлі де қамқор, әрі тәрбиеші.

Ортаға әжелерді шақыру.

Әжелер өз пікірлерін, бала тәрбиесі туралы ой өрбітеді.

Оқушылар сұрақ қояды.

1 Базарлық дегеніміз не?

2 Немерелеріңіздің қызықты сәттерін айтып берсеңіз

3 «Баланың жақсысы - қызық,

Жаманы – күйік»- деген мақалды түсіндіріп берсеңіз

4 «Есікті керме» деген тыйым сөздің мәнін ашып берсеңіз

5 Мақал - мәтел айтып берсеңіз

6 Немерелеріңізге ертегі айтып бересіз бе?

7 Бізге өсиет сөздер айтып берсеңіз

Оқушы тілектері

Әр оқушы әжелеріне жырдан шашу шашады

1 - Менің әжем, бұл әжем

Айтқан сөзі дәл әжем.

Аман болса көреді

Қызығымды әлі әжем.

2 -Менің әжем, нар әжем

Көп жасаған кәрі әжем.
Ауырғанда мен үшін
Әр сүйгені дәрі әжем.
3 - Менің әжем, жыр әжем
Шуағы мол, нұр әжем.
Ақ таяққа сүйеніп
Аман – есен жүр, әжем!
4 -Әже маған үлгі сөзіңіз
Өнегесіз өзіңіз
Жақсылыққа талпынып
Біздің нағыз кезіміз.
Жақсы деген немене
Жаман деген немене,
Осындайда, әжетай
Айтыңызшы өнеге.

Әр бала әжелерге өз қолынан жасаған сыйлықтарын таратады.
«Әжеге арнау әні
Қонақтарға сөз беру
Әжелерден бата алу.
Хор «Әже»»



**«Балдырған» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны**



«Еркетай» ортаңғы топ

«Гүл өссе — жердің көркі, қыз өссе — елдің көркі»

Тәрбиешілер: Қазбаева.Д.

Абдрахманова.Г.

*Ғылыми жобаның
Төңірегінде!*

Тақырыбы: «Гүл өссе — жердің көркі, қыз өссе — елдің көркі»

Мақсаты: «Гүл өссе — жердің көркі, қыз өссе — елдің көркі» атты бұл акция ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға, экологиялық тәрбие беруге және туған аулаңызды жасыл желекпен көркеюге бағытталған тамаша бастама. Ата-әжелер мен жастардың бірлескен бұл еңбегі ерекше сән береді

Балабақша ауласы — біздің ортақ үйіміздің айнасы. Балалар күн сайын білім мен тәрбие алатын қасиетті орданың көркі мен тазалығы — баршамызға ортақ жауапкершілік.

Бірге еккен әр гүл — болашаққа қалдырған әдемі ізіміз болсын, деген мақсатта ұйымдастырылған акцияға барлық балалар, балабақша ұжымы, атаналар өз үлестерін қосты.

Балабақша аумағын көгалдандыру: вазондарға гүл отырғызу

Балабақшамыздың ауласын жайнатып, балаларға эстетикалық тәрбие беру мақсатында қызметкерлеріміз көше құмыраларына (вазондарға) гүл отырғызу жұмыстарын жүргізді!

